

ӘОЖ378.1

МҒТАР 14.35.07

DOI 10.37238/1680-0761.2023. 91(3).49

¹Медешова А.Б.,¹Адельбаева Н.А.,¹Акимова С.М.,²Курмашева Д.Н.¹М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.,Қазақстан
²№42 «Ақ ниет» гимназиясы, Орал қ.,Қазақстан

E-mail: medeshovaa@mail.ru, saule_akim@mail.ru, kurmashevadin@mail.ru

ШЕТЕЛДІК ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ PART-TIME ОҚЫТУДЫҢ ТӘЖІРИБЕСІН ТАЛДАУ

Аңдатпа. Қашықтан білім беру әлемдік білім және ғылым саласындағы өзекті мәселе болып табылады. Біздің елімізде сырттай оқу формасының жойылуы жұмыс жасап жүріп немеседенсаулығына, отбасылық, әлеуметтік жағдайына байланысты кәсіби білім деңгейін көтеруді мақсат еткен азаматтар үшін проблема туғызды. Осындай жоғары білім беру жүйесіндегі сырттай оқу проблемасын part-time форматында қашықтан оқытуды жүзеге асыру арқылы шешуді көздейтін зерттеу барысында қазақстандық, шетелдік озық тәжірибелерді икемдеп трансформациялау бағыттары қарастырылады. Авторлар қашықтан оқытудың АҚШ, Еуропа елдеріндегі тәжірибелерін зерделеп, сандық және сапалық деректермен ұсынады. Зерттеуде шетелдік тәжірибелер тарихи, хронологиялық, әлеуметтік, педагогикалық ғылыми еңбектерді, академиялық есептерді талдау әдістері пайдаланылады. Part-time оқытудағы шетелдік тәжірибелердің озығын қазақстандық жоғары білім саласына енгізуге бағытталған педагогикалық шарттар тұжырымдалған. Мақалада шетелдік цифрлық білім беру тәжірибесінің Қазақстандағы жоғары білім жүйесіне трансформациялаудың тенденциялары айқын беріледі. Part-time оқыту әдістемесін жасақтауға бағдарланған зерттеу әлі жалғасып, алдағы уақытта ұтымды әдістемені ұсынады.

Кілт сөздер: part-time оқыту; онлайн білім беру; цифрлық білім беру; бакалавриат; магистратура; қашықтан оқыту; студенттер.

Кіріспе

XX–XXI ғасырлар тоғысында. білім беру институты ғылыми-техникалық прогрестің дамуына және оның қоғам өмірінің барлық аспектілеріне әсеріне байланысты елеулі құрылымдық өзгерістерге ұшырады. Нәтижесінде қоғамдық санада миссия мен білім деңгейлері туралы идеялар жүйесі өзгерді. Бұл процесс салдарының бірі – жаңа білім беру парадигмасын құру, оның маңызды элементі – қашықтан оқыту. Оның пайда болуы бүкіл білім беру жүйесін жетілдіру бағытындағы прогрессивті қадам болды. Пацукевич О.В., Ленинг С.В сияқты мамандардың бағалауы бойынша, қашықтан білім беру – бұл халықтың кең топтары үшін оқытудың ең перспективті және қол жетімді түрі [1].

Қазақстан Республикасында 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап сырттай оқыту тоқтатылуына байланысты білім және ғылым министрі А.Аймағамбетов сырттай оқу формасы part-time оқыту жүйесіне көшірілетінін айтқан болатын [2]. Дегенмен, қазіргі кезге дейін қашықтан оқытудың part-time жүйесі нақтыланбай келеді. Соңғы жылдары қашықтан оқыту технологиясы болғанымен, оған оқу формасы ретінде қаралып, лицензия берілетін болды. Оны бүгінгі күні 50-ге жуық жоғары оқу орны (алдағы уақытта ЖОО) иеленген [3]. Сол себепті жұмыстан қол үзбеу мүмкіндігі көптеген азаматтар үшін проблема болып



отыр. Бұл part-time оқытудың әдістемесі жоқ екенін, қашықтан оқытудың әлсіз қалыптасып жатқанын байқатады. Бұл прблеманы шешуді біз бірнеше бағытқа бөліп зерттей бастадық. Атап айтқанда, «қашықтан оқыту», «цифрлық дидактика», «part-time оқыту» ұғымдарының педагогикалық мәнін ашу, part-time оқытудың моделін жасақтау, әдістемесін құру, ашық білім беру кеңістігін әзірлеу. Соның ішінде part-time оқытуды зерттеу оның шығу тарихын және оны жүзеге асырып отырған шетел (Батыс Еуропа мен АҚШ елдерінің мысалында) тәжірибелерін зерделеуді талап етеді. Осы мақсатта жүргізілген зерттеу бойынша қазақстандық part-time жүйені қалыптастырудың негізін болытын кейбір нәтижелер ұсынылады.

Зерттеу нысаны жоғары білім беру жүйесінде қашықтан білім беру үдерісі деп, зерттеудің пәні ретінде part-time оқытудың шетелдік тәжірибесін талдау деп анықталды. Ғылыми еңбектер мен академиялық есептерді талдау негізінде жоғары оқу орындарда part-time оқытуды жүзеге асыруға арналған педагогикалық шарттарды дайындауға әкеледі. Егер part-time оқытуды жүзеге асыруға арналған педагогикалық шарттар әзірленсе, онда «өмір бойы оқу» қағидасын бойына сіңірген, кәсіби білімі мен біліктілігін жетілдіретін, бәсекеге қабілетті мамандар көбейеді. Өйткені шетелдік озық тәжірибелерге сүйенетін қашықтан оқытудың мүмкіндіктерін пайдалану мен өндірістен қол үзбей оқу кәсібилікті дамытады. Ол қоғам талабын қанағаттандыратын маманның кәсіби шеберлігі заманауи технологиялық жаңарулармен сәйкес келуін қажет етеді.

Шетелде заманауи технологиялар білім алушылардың сабаққа қатынасу мәселелерін шешуге, оқытуға қажетті тәсілді ұйымдастыруға, оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін таңдауға, білім беру шығындарын оңтайландыруға көмектеседі.

Технологияның әсерінен білім беру ресурстарының формалары үлкен өзгерістерге ұшырады, ал оқыту қызметінің түрлері ұзақ уақыт бойы өзгеріссіз келді. Бірақ соңғы онжылдықта білім берудегі озық технологиялардың саны артқаны соншалық, ғалымдар жаңа сапаның, білім берудің жаңа үлгілерінің: онлайн білім беру, электрондық оқыту, цифрлық білім берудің қалыптасқанын мәлімдейді [4].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу мақсатына жету үшін ғылыми еңбектер мен жоғары оқу орындарының академиялық есептеріне талдау жүргізілді. Шетелде қашықтан білім беру және part-time оқыту қалай жүргізіледі деген сұрақтың шешімін табу үшін АҚШ және Еуропа елдерінің тәжірибелері бойынша деректер жүйеленіп және сапалы талдау жүргізілді, оларды графикалық интерпретациялау үшін теориялық және эмпирикалық әдістер кешені пайдаланылды.

Зерттеу бірнеше кезеңмен оздырылды: тақырыптың теориялық негізін оқып-үйрену, шетелдік part-time оқыту тәжірибелерін сұрыптау, озық тәжірибелерді отандық жоғары білім жүйесіне ендірудің жолдарын айқындау мақсатында педагогикалық шарттар дайындалды.

Шетелдік ғалымдар алғашқылардың бірі болып білім беру саласындағы заманауи ақпараттық технологияларды теориялық тұрғыдан негіздеп, практикада жүзеге асырды. «Ашық білім беру» ұғымы алғаш рет 1908 жылы қолданылғанымен оған ресми мәртебе берілмеген. П.А.Столыпин, П.Н.Милуков, М.М.Ковалевский, А.Л.Шанявкий басшылығымен Мәскеу Ашық (Халықтық) Университеті әлемде бірінші болып ашық білім беретін мекеме ретінде қызмет етуін бастаған [5]. Алайда ол кездегі білім беру технологияның жетіспейтіндігіне орай қазіргі «ашық білім беруден» әлдеқайда өзге деңгейде болытын.

Еуропалық қашықтан білім беру Ұлыбританияның ашық университетінің – осы бағыт бойынша университеттің пайда болуымен байланысты. 1971 жылы ашық университет өнер, жаратылыстану, математика сияқты пәндер бойынша пәнаралық курстарға 25 мың студент қабылдады. Бүгінгі таңда бұл университет қашықтан білім берудің ең ірі провайдері болып табылады. Өйткені елдің өзінде 13 оқу орталығы бар және оның филиалдары әлемнің 30 елінде ұсынылған. Статистикаға сүйенсек, ашық университет құрылғаннан бері 3



миллионнан астам студент білім алған [6]. Ашық университеттің толық академиялық мекеме ретінде пайда болуы көптеген елдерге айтарлықтай әсер етті.

Ашық университеттің үлгісі бойынша Германияда, Испанияда, Канадада, Францияда, АҚШ-та және т.б. университеттер құрыла бастады. Ол жоғары кәсіптік білімі бар мамандарды орталықтан жоспарланған қашықтан даярлаудан басталды. Қазіргі уақытта Германияның білім беру жүйесінде бірқатар қолданбалы ғылымдар бойынша жоғары білім алуды ұсынатын 15 неміс және 4 швед университеттерінің бірлестігін білдіретін виртуалды институт жұмыс істейді. Германиядағы тек қашықтан білім беруге маманданған жалғыз мемлекеттік университет – 1974 жылы құрылған Хагенсырттай университеті. Жыл сайын бұл ЖОО жылына 50 мыңнан астам студенттерге білім беру қызметтерін ұсынады. Оның филиалдары Германияның 50-ден астам қаласында орналасқан, ал студенттердің жалпы саны 88 мың адамға жетеді. Оқыту үшін оқу материалдары түрінде 1500-ден астам түрлі курстар ұсынылады. Ол жоғары білім алуға (бакалавр, магистр дәрежелері), сондай-ақ қолданыстағы біліктілікті арттыруға мүмкіндік береді. Айта кету керек, барлық академиялық емтихандар, дипломдар мен ғылыми дәрежелер күндізгі университеттерге толық сәйкес келеді [7].

1972 жылы Испанияда Ұлттық қашықтан білім беру университеті – елдегі ең ірі университет және Ұлыбританияның ашық университетінің тәжірибесін ескере отырып құрылған Еуропадағы екінші үлкен университет. Бұл университет Испанияның үкімет бақылауындағы жалғыз университет екенін атап өткен жөн. Қазіргі уақытта оған бүкіл ел бойынша 58 филиал, сондай-ақ әлемнің әртүрлі елдеріндегі 9 филиал кіреді. Онда студенттердің ең үлкен контингенті – 205 мың адам оқиды, 27 бағыттар бойынша бакалаврлар және 45 бағыттар бойынша магистрлер даярланады. Университеттің оқытушылар құрамы 800 адамнан тұрады, ал 2500 тьютор аймақтық және шетелдік толық емес жұмыс орталықтарында жұмыс істейді. Бұл ЖОО жоғары білім берудің ең жоғары стандартын қолдайды және өнерді қоспағанда, білімнің барлық салалары бойынша оқытуды ұсынады. Университет өзінің өмір сүру кезеңінде 2000 PhD дәрежесін берді. Онда қашықтан білім беру саласындағы зерттеулер, дайындамалар мен құжаттаманы насихаттайтын ЮНЕСКО-ның қашықтан білім беру кафедрасы орналасқан [8].

АҚШ-та жаңа технологиялардың қарқынды өсуін және білім берудегі ақпарат беру жүйелерінің дамуын көрсету үшін 1982 жылы Халықаралық сырттай білім беру кеңесі (correspondence education) өз атауын Халықаралық қашықтан білім беру кеңесі (distance education) деп өзгертілді. Ақпараттық технологияларды қолдану есебінен сырттай оқытуды қашықтан оқытуға трансформациялау шеңберінде 1980 жылдардың ортасына қарай бағдарламаның бір бөлігін қашықтан меңгерген студенттер саны 300 мың адамға дейін өсті. Алайда, мұндай студенттер АҚШ-та жоғары білім алғандардың жалпы санының тек 3 % құрады. 10 жылдан кейін, 1994 жылы 754 мың адам, 1997 жылы – 1632 мың адам қашықтан оқытудан өтті.

Jones International University (JIU) – 1994 жылы пайда болған АҚШ-тағы тек қашықтан оқыту бағдарламаларын ұсынатын алғашқы онлайн университет. Бұл 1987 жылдан бастап білім беру курстарын тарату үшін теледидарды пайдаланып тәжірибе жасаған телекомпанияның иесі Г.Р. Джонс құрған жеке коммерциялық ұйым. Америкадағы алғашқы коммерциялық емес онлайн-университет Western Governors University болып саналады. Оны 1997 жылы 19 шығыс штаттарының губернаторлары құрды [9].

АҚШ пен Батыс Еуропа елдердегі қашықтан білім беру, өз кезегінде, түбегейлі жаңа білім беру форматы ретінде қарастырылмайды, бірақ сырттай білім берудің мұрагері ретіндегі part-time оқытудың құралы болып саналады. Part-time оқыту – модульдер бойынша аралас немесе күндізгі – сырттай оқу формасы болып табылады. Білім алушы ЖОО-на тек бірнеше күнде ғана, икемді сабақ кестесі негізінде келіп сабаққа қатынасады.

АҚШ, Батыс Еуропа және Австралия елдерінде part-time оқыту негізінде білім алып, жұмыс істейтін студенттердің саны жылдан жылға көбеюде. Баррон Австралия



университетінде оқитын он жергілікті студенттің тоғызына жуығы part-time оқып, жұмыс істеп жүргенін анықтады [10].

Шетелдік студенттер part-time оқыту форматы көмегімен оқуын қолдау үшін аптасына 30 сағатқа дейін жұмыс істейді. Уоттс пен Пикеринг Ұлыбританияда күндізгі бөлімде part-time оқитын студенттер арасында жұмыс жасайтындардың жиі кездесетінін анықтады [11]. Алайда, еңбек саласы жоғары біліммен тығыз байланысты болуы керек. Студенттердің жұмыс орны олардың білім беру бағдарламалары саласымен бірдеу болу қажеттілігі де ескерілуі қажет. Осыған байланысты интергацияны жүзеге асыру үшін цифрлық білімді дамыту шетелдік білім беру жүйесінде қалыптасып келеді.

АҚШ-та 2010 жылдары студенттердің жалпы санының азайса да, онлайн оқитын студенттер саны өсе берді. 2018 жылы студенттердің 34,5% - ы кем дегенде бір пәнді қашықтан оқыды. Бұл көрсеткішке тек қашықтан оқитын студенттердің 14% және part-time форматында оқитын студенттердің 20,5 % кіреді (1-кесте).


Кесте 1 – 2018-2021 жылдардағы АҚШ университеттерінің студенттер контингенті

Университетте р тобы	Кем дегенде 1 қашықтық курсы бар студенттер, %				Тек қашықтан оқитын студенттер, %				Күндізгі және қашықтан оқытуды біріктіретін студенттер (part-time формат), %			
	2018	2019	2020	2021	2018	2019	2020	2021	2018	2019	2020	2021
Public	34,1	36,1	76,4	74,1	11,1	11,8	45,9	43,2	23,1	24,3	30,5	28,3
Private nonprofit	28,7	32,1	65	57	17	20,7	34	33,6	10,6	11	26,2	21,5
Private for-profit	73,4	67,8	78,8	71,2	62,8	55,5	66,6	57,4	10,6	12,3	12,2	11,1
Барлық студенттердің санына шаққандағы, %	34,5	36,3	74,7	68,4	14	21,5	44,3	41,2	20,5	14,8	30,4	27,2

2009-2020 жылдар аралығында күндізгі бөлімде оқитын студенттер саны 11 пайызға (11,0 миллионнан 9,8 миллион студентке дейін), ал қашықтан оқитындар 6%-ға (6,4 миллионнан 6,0 миллион студентке дейін) қысқарды. 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы қабылдау күндізгі бөлімде оқитын студенттер үшін 4% - ға, ал қашықтан оқитын студенттер үшін 5% - ға төмен болды. 2020-2030 жылдар аралығында күндізгі бөлімде оқитындар саны 7 пайызға (9,8 миллионнан 10,5 миллион студентке дейін), ал сырттай бөлімде 11 пайызға (6,0 миллионнан 6,7 миллион студентке дейін) өседі деп болжануда (АҚШ-тың Ұлттық білім статистикасы орталығының мәліметтері бойынша) (сурет-1).

Курстар мен бағдарламаларды қашықтан оқыту студенттерге икемді оқу мүмкіндіктерін ұсынады. Олар әсіресе 2020 жылдың көктемінде коронавирустық пандемияда әлемде білім беруге кедергі жасаған кезде маңызды болды. 2020 жылдың күзінде барлық бакалавриат студенттерінің шамамен 75%-ы (11,8 миллион) кем дегенде бір қашықтан оқыту курсына қабылданды, ал барлық бакалавриат студенттерінің 44 %-ы (7,0 миллион) тек қашықтан оқыту курстарына қатысты. Кем дегенде бір қашықтан оқыту курсына қабылданған бакалавриат студенттерінің саны 2020 жылы 2019 жылдың күзіндегі пандемияға қарағанда 97%-ға жоғары болды (2019 ж. - 6,0 млн., 2020 ж. - 11,8 млн.). Тек қашықтан оқыту курстарында оқитын бакалавриат студенттерінің саны 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 186 пайызға жоғары болды (7,0 миллионға қарсы 2,4 миллион).

Бакалавриат студенттерінің пайыздық көрсеткіші (сурет-2) тек қашықтан оқыту курстарына қабылданған оқу орнынына байланысты өзгерді (яғни мемлекеттік, жеке коммерциялық емес немесе жеке коммерциялық).



Сурет 1 – 2009-2030 жылдары жоғары оқу орындарына студенттерді нақты және болжамды қабылдау графигі


2020 жылдың күзінде тек қашықтан оқыту курстарынан өткен жеке коммерциялық оқу орындарындағы студенттерінің үлесі (66,6%) мемлекеттік оқу орындарындағы (45,9%) және жеке коммерциялық емес ұйымдардағы (34%) студенттерінің үлесінен жоғары болды. Атап айтқанда, тек қашықтан оқыту курстарынан өткен бакалавриат студенттерінің пайызы жеке коммерциялық оқу орындарында ең жоғары болды (73%). Студенттердің тек 4%-ы ғана қабылданғанына қарамастан, жеке коммерциялық оқу орындары тек қашықтан оқыту курстарына қабылданған студенттердің 6%-ын құрады.



Сурет 2 – Тек қашықтан оқитын жоғары оқу орындарындағы бакалавриат студенттерінің пайыздық көрсеткіші (оқу орындарының түрлері бойынша)

Пандемия кезінде жоғары оқу орындары күндізгі және қашықтан оқытуды (part-time оқытуды) біріктіретін бакалавриат студенттерінің саны жекеге қарағанда мемлекеттік жоғары оқу орындарында (30,5%) айқын өсті (сурет.3). Яғни, мемлекеттік жоғары оқу орындары онлайн курстардың үлесін арттыруға мәжбүр болды. Жалпы, 2019 жылмен салыстырғанда part-time оқитын студенттердің пайызы 2020 жылы 14,8% - дан 30,4% - ға

дейін айтарлықтай өсті. Part-time оқытудың көптеген сарапшылары бұл өсімді карантин жағдайында мәжбүрлі шараларға жатқызады, бірақ АҚШ Ұлттық білім статистикасы орталығының болжамы бойынша бұл көрсеткіш қалыпты өсуде. Бірақ 2021 жылдың сандық көрсеткіштерін қарайтын болсақ, пандемиядан кейін тек қашықтан оқитын студенттер оқитын студенттердің азайғандығын байқаймыз. Бұл толық изоляцияны қажет еткен пандемияның салдары болуы мүмкін.



Сурет 3 –Part-time форматта оқитын жоғары оқу орындарындағы бакалавриат студенттерінің пайыздық көрсеткіші(оқу орындарының түрлері бойынша)

Сандық деректер part-time-да оқитын студенттер санының тұрақты өсуін көрсетеді. Пандемия бұған түрткі болды, бірақ бұл ауысу тек осыған байланысты емес.

Студенттерді қашықтан оқытудың көп жылдық тәжірибесі қашықтан оқытуда педагогикалық әдістерді бейімдеу мен қолданудың белгілі бір тәжірибесін қалыптастырды. Әрине, белгілі бір мемлекеттің білім беру жүйесіндегі мұндай тәжірибенің көлемі қашықтан оқыту формасының таралуына және оны қолданудың тарихи ұзақтығына тікелей байланысты.

Қашықтан оқытудың мәні мен ерекшеліктерін анықтау саласы келесі шетелдік ғалымдар Б. Холмберг, Дж. Даниелья, Д. Киган, А. Борк, Б. Хантер, Дж. Баат, Р. Деллинг, Ф. Ведемейер, М. Мур, О. Петере, К. Смит, И.В. Роберт, А.В. Хуторской т.б. тәжірибесінде қарастырылады.

АҚШ-та және Еуропа елдерінде және part-time оқыту семестрде 12-ден аспайтын ECTS кредитін қамтиды, осыған байланысты оқу ұзақтығын бакалавриатта 5-7 жылға дейін, магистратурада 3-5 жылға дейін, докторантурада 3-7 жылға дейін ұзартуға болады. Әрбір университет оқудың ұзақтығы, оқу қарқыны, full-time оқудан part-time және кері ауысу туралы мәселені дербес шешеді. Part-time оқыту кезінде кейбір жоғары оқу орындарының міндетті талабы барлық немесе белгілі бір офлайн сабақтарға қатысу болып табылады, жоғары оқу орындарының басқа бөлігі онлайн (қашықтан)/офлайн сабақ форматын, яғни аралас форматты таңдауға еркіндік береді.

Қазақстанда К.С. Ахметкаримова, Д.М. Джусубалиева, В.В. Егоров, М.Р. Нургужин, Г.Д. Жангисина, Г.М. Мутанов, А.Б. Шакаримова, Н.А. Завалко Е.Г. Гаевская, Т.К. Нурғалиев, Ж.А. Караев, Р.М. Дузбаева, М.И. Нежурина, Г.Б. Ахметова, А.Б.Медешова, т.б. қашықтан оқытуды ұйымдастыру мәселелерімен, оқытуда жаңа ақпараттық технологиялар құралдарын қолданудың дидактикалық және әдістемелік мәселелерімен айналысты.

Қазақстандық жоғары оқу орындары 2020 жылдың сәуірінде қашықтан оқытуға толығымен көшті және ол 2020-2021 академиялық жылы да сол форматта жалғасты. 2021-2022 оқу жылында оқыту аралас оқуға көбірек ұқсады. COVID-19 пандемиясы барлық



жоғары оқу орындарына олардың шығармашылық, бизнес немесе ұлттық болуына қарамастан айтарлықтай әсер етті, өйткені білім беру бағдарламаларының көпшілігі практикалық сабақтар өткізуді қарастырады. Білім беруде озық технологияларды қолданудың артықшылықтары одан да айқын болды.

Қазақстандық жоғары оқу орындары қашықтан оқытуды дамытуға әрқашан қызығушылық танытты және пандемияға дейін кейбір курстарды электрондық форматқа ауыстырды. Қазіргі уақытта қазақстандық жоғары оқу орындарында толық қашықтан оқыту жүзеге асырылмайды, негізінен аралас оқыту қолданылады [12].

Шетелдік жоғары оқу орындарының студенттерінде оқу формасын full-time немесе part-time таңдауға және олардың арасында еркін ауысу мүмкіндігі бар. Part-time оқыту атап айтқанда, аралас оқыту, негізінен онлайн және кампуста оқыту ретінде жүзеге асырылуы мүмкін. Қазақстанда білім алушыларда осы кезеңде мұндай таңдау жүргізілмейді, бұл жұмыс істейтін студенттер үшін шектеу болып табылады. Осыған байланысты жоба шеңберінде part-time оқытудың педагогикалық моделі құрылды және оқыту әдістемесін әзірлеу жоспарлануда, сондай-ақ онлайн оқыту жүзеге асырылатын білім беру платформасы әзірленетін болады. Колледжден кейін оқитын, екінші жоғары білім алатын бакалавриат студенттерін, сондай-ақ магистранттарды оқыту көзделеді. Сабақтарды ұйымдастыру бейне дәрістер, виртуалды зертханалар, практикалық сабақтар және тесттер арқылы қашықтан жүргізілетін болады.

Кәсіптік білім беруді цифрландыру жағдайында part-time оқытуды іске асыру үшін педагогикалық шарттар айқындалды:

Ү Білім беруді цифрландыру жағдайында part-time оқыту кәсіптік білім берудің ашық, демократиялық нысаны болып табылады. Оның *ұйымдастырушылық-технологиялық шарты*- ЖОО-ның кәсіптік білім бағдарламасы мен оған сәйкесті еңбек қызметін ұштастыра отырып, қашықтан білім алуына мүмкіндіктің болуы;

Ү Білім беру сапасын арттыруда басқарудың барлық деңгейлерінің, құрылымдық бөлімшелердің іс-әрекеттерін біріктіруге мүмкіндік беретін part-time оқытудың бейімделген *ұйымдастырушылық-басқарушылық құрылымын* әзірлеуді қамтитын *ұйымдастырушылық-басқарушылық шарты*;

Ү Full-time және part-time оқыту технологияларын интеграциялауды және ашық білім беру кеңістігі арқылы оқытудың интерактивті нысандары, әдістері мен құралдарының кешенін әзірлеуді көздейтін *әдістемелік-технологиялық шарттар*;

Ү Дәстүрлі оқытушы, тәлімгер, жаттықтырушы, коуч, басқарушы кеңесші рөлдерін біріктіруді көздейтін қазіргі заманғы part-time оқыту жүйесіндегі оқытушы функцияларының өзгеруіне байланысты *кадрлық шарттар*.

Қорытынды

Қашықтан білім берудің даму тарихы оның ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты қоғамның жаңа қажеттіліктеріне сәйкестігін айқын көрсетті. Цифрлық технологиялардың дамуымен АҚШ пен Еуропадағы қашықтан оқыту жүйесі айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Ол барлық жоғары оқу орындарында кеңінен таралды. Британдық ашық университеттің құрылуы әлемдегі қашықтан білім берудің теориялық негіздері мен тәжірибесінің дамуына айтарлықтай серпін берді. АҚШ пен Еуропаның қашықтан білім беру қызметтері нарығының дамуы айтарлықтай белсенді қарқынмен жалғасуда, бұл бір жағынан білім беру қызметтеріне сұраныстың артуына, екінші жағынан цифрлық технологиялардың дамуына ықпал етеді. Қашықтан білім беру негізінен part-time оқыту мен толық қашықтан білім беру жүйелерінде дамыған. Part-time оқыту шетелдік тәжірибеге толық еніп, білім беру жүйесінде сұранысқа ие білім формасына айналды. Қазақстандық білім беру жүйесін цифрлық технологиялар негізінде сырттай білім беруді part-time оқытумен алмастырып, трансформациялау түбегейлі өзгерістерді талап етіп отыр.



Зерттеу нәтижесінде анықталған part-time оқытудың шетелдік озық тәжірибесін қазақстандық жоғары білім беру жүйесіне бейімдеп енгізу үшін төмендегідей педагогикалық шарттар қанағаттандырылуы тиіс:

- ұйымдастырушылық-технологиялық шарты: ашық білім беру кеңістігінде еңбектен қол үзбей part-time оқу арқылы еркін кәсіби білім алу мен біліктігін дамытуға мүмкіндік беретін жағдайларды туғызу;

- ұйымдастырушылық-басқарушылық шарты: қазіргі университеттің құрылымына Университет 4.0 негізінде part-time оқыту жағдайларын қамтитын бөлімшелердің жұмысын қамтитындай өзгеріс енгізу арқылы басқару;

- әдістемелік-технологиялық шарт: part-time және full-time оқытуды цифрлық технологияның көмегімен интеграциялау негізінде интерактивті әдіс-тәсілдер мен ұйымдастыру формаларын кешенді түрде қамтамасыз ету;

- кадрлық шарт: part-time оқыту жүйесінде дәстүрлі оқытушының, жаттықтырушының, коуч, тәлімгердің, басқарушы кеңесшінің рөлдерін біріктіру және оқытушыларды үздіксіз оқыту мен дамытудың ресурсы болып табылатын оқытушылық-тьюторлық ортаны құру.

Алынған нәтижелер мен қорытындылар мамандарды кәсіби даярлау сапасын арттыру аясында part-time оқытуды іске асырудың шарттары мен бағыттарын одан әрі зерттеу үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша қаржыландыратын АР14872018 «Кәсіптік білім беруді цифрландыру жағдайында part-time оқыту» жобасының бір бөлігі ретінде жүргізілді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Пацукевич О.В. Из истории зарубежного опыта дистанционного образования (на примере США и Западной Европы) // Вестник Белорусской государственной сельскохозяйственной академии. – 2018 – №3. – С. 187-190.

[2] Аймагамбетов А. Заочное образование в Казахстане видоизменяет – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://kapital.kz/gosudarstvo/71164/zaочноye-obrazovaniye-v-kazakhstane-vidoizmenyat.html>

[3] Наличие учебных онлайн для молодежи и/или взрослых – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://egov.kz/cms/ru/articles/distance_learning

[4] Чекалина Т.А., Тумандеева Т.В., Максименко Н.В. Основные направления и перспективы развития онлайн-обучения //Профессиональное образование в России и за рубежом. – 2018. – № 3 (31). – С. 44-52.

[5] Шульга Н.С. Открытое образование как практика XXI века // Человек в мире культуры. Региональные культурологические исследования. – 2017. – №2/3 (21), – С. 266-272.

[6] Дистанционное образование в Великобритании. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://ru.osvita.ua/abroad/higher_school/distance-learning/14757/

[7] Мерола, Р. Что говорит статистика о трансграничном онлайн-образовании // Международное высшее образование. Русскоязычная версия информационного бюллетеня International Higher Education (Бостонский колледж, США). – 2017. – № 89. – С. 28–30.

[8] Национальный Университет дистанционного образования Испании: классика и современность. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://bakalavr-magistr.ru/news/511>.

[9] Website of Western Governor's University. – Retrieved from <https://www.wgu.edu/about.html>.

[10] 20 Oldest Colleges in America That Offer Online Degree Programs – Retrieved from <https://www.onlinecollegeplan.com/oldest-colleges-online-degree-programs>.



[11] Watts, C., & Pickering, A. (2000). Pay as You Learn: Student Employment and Academic progress. *Education & Training*, Vol. 42, 3, 129-135. – Retrieved from <https://doi.org/10.1108/00400910010372670>.

[12] Medeshova A., Kassymova A., Mutalova Zh., Kamalova G., Distance Learning Activation in Higher Education. *European Journal of Contemporary Education*. E-ISSN 2305-6746. 2022, 11(3), 831-845. – Retrieved from <https://doi.org/10.13187/ejced.2022.3.831>.

REFERENCES

[1] Pacukevich O.V.(2018) Iz istorii zarubezhnogo opyta distancionnogo obrazovaniya (na primere SShA i Zapadnoj Evropy) [From the history of foreign experience of distance education (on the example of the USA and Western Europe)]. *Vestnik Belorusskoj gosudarstvennoj sel'skohozhajstvennoj akademii – Bulletin of the Belarusian State Agricultural Academy*, 3, 187-190 [in Russian].

[2] Aimagambetov A. (2018) Zaочноe obrazovanie v Kazahstane vidoizmenyat [Correspondence education in Kazakhstan will be modified]. Retrieved from <https://kapital.kz/gosudarstvo/71164/zaочноe-obrazovaniye-v-kazahstane-vidoizmenyat.html> [in Russian].

[3] Nalichie uchebnyh onlajn dlja molodjozhi i/ili vzroslyh [Availability of online training courses for young people and/or adults]. Retrieved from https://egov.kz/cms/ru/articles/distance_learning [in Russian].

[4] Chekalina T. A., Tumandeeva T. V., & Maksimenko N. V. (2018). Osnovnye napravleniya i perspektivy razvitiya onlajn-obucheniya [Main directions and prospects of online learning development]. *Professional'noe obrazovanie v Rossii i za rubezhom – Professional education in Russia and abroad*, 3(31), 44-52. [in Russian].

[5] Shul'ga N.S.(2017). Otkrytoe obrazovanie kak praktika XXI veka [Open education as a practice of the XXI century]. *Chelovek v mire kul'tury. Regional'nye kul'turologicheskie issledovaniya – A person in the world of culture. Regional cultural studies*, 2/3 (21), 266-272. [in Russian].

[6] Distancionnoe obrazovanie v Velikobritanii [Distance education in the UK] [Electronic resource]. Retrieved from http://ru.osvita.ua/abroad/higher_school/distance-learning/14757. [in Russian].

[7] Merola, R. (2017). Chto govorit statistika o transgranichnom onlajn-obrazovanii [What does statistics say about cross-border online education]. *Mezhdunarodnoe vysshee obrazovanie. Russkojazychnaja versija informacionnogo bjulletenja – International higher education. The Russian version of International Higher Education (Boston College, USA)*, 89, 28-30 [in Russian].

[8] Nacional'nyj Universitet distancionnogo obrazovaniya Ispanii: klassika i sovremennost' [National University of Distance Education of Spain: classics and modernity] [Electronic resource]. Retrieved from <http://bakalavr-magistr.ru/news/511> [in Russian].

[9] Website of Western Governor's University. – Retrieved from <https://www.wgu.edu/about.html>.

[10] 20 Oldest Colleges in America That Offer Online Degree Programs – Retrieved from <https://www.onlinecollegeplan.com/oldest-colleges-online-degree-programs>.

[11] Watts, C., & Pickering, A. (2000). Pay as You Learn: Student Employment and Academic progress. *Education & Training*, Vol. 42, 3, 129-135. – Retrieved from <https://doi.org/10.1108/00400910010372670>.

[12] Medeshova A., Kassymova A., Mutalova Zh., Kamalova G., Distance Learning Activation in Higher Education. *European Journal of Contemporary Education*. E-ISSN 2305-6746. 2022, 11(3), 831-845. – Retrieved from <https://doi.org/10.13187/ejced.2022.3.831>.



Медешова А.Б., Адельбаева Н.А., Акимова С.М., Курмашева Д.Н.
АНАЛИЗ ПРАКТИКИ PART-TIME ОБУЧЕНИЯ В ЗАРУБЕЖНОМ
ЦИФРОВОМ ОБРАЗОВАНИИ

Аннотация. Дистанционное образование является актуальной проблемой в мировой сфере образования и науки. Отмена заочной формы обучения в нашей стране стала проблемой для граждан, которые работали или хотели повысить уровень профессионального образования заочно, в связи со здоровьем, семейным, социальным положением. В ходе исследования рассмотрены направления гибкой трансформации в системе высшего образования, предусматривающей решение проблемы заочного обучения путем осуществления дистанционного обучения в part-time формате на основе казахстанского и зарубежного передового опыта. Авторы изучили опыт дистанционного обучения в США, странах Европы и привели количественные и качественные данные. В исследовании используются зарубежные практики, методы анализа исторических, хронологических, социальных, педагогических научных трудов, академических отчетов. Сформулированы педагогические условия part-time обучения, направленные на внедрение передового зарубежного опыта обучения в сферу казахстанского высшего образования. В статье наглядно представлены тенденции трансформации зарубежной цифровой образовательной практики в систему высшего образования в Казахстане. Данное исследование еще продолжается и в скором будущем будет представлена разработанная методология part-time обучения.

Ключевые слова: part-time обучение; онлайн образование; цифровое образование; бакалавриат; магистратура; дистанционное обучение; студенты.

Medeshova A.B., Adelbaeva N.A., Akimova S.M., Kurmasheva D.N.
ANALYSIS OF PART-TIME LEARNING EXPERIENCE THROUGH FOREIGN
DIGITAL EDUCATION

Abstract. Distance education is an urgent problem in the world field of education and science. The abolition of the correspondence form in our country has created a problem for citizens who, while working or due to health, family, social status, set themselves the goal of improving the level of professional education. In the course of the research, the directions of flexible transformation of Kazakhstani and foreign best practices are considered, the purpose of which is to solve the problem of distance learning in the higher education system through the introduction of part-time study. The authors study the experience of distance learning in the USA and European countries and present it with quantitative and qualitative data. The research uses methods of analysis of foreign experience historical, chronological, social, pedagogical scientific works, academic reports. Pedagogical conditions aimed at introducing the best of foreign experience in part-time study into the Kazakh higher education have been formulated. The article clearly presents trends in the transformation of foreign digital education experience into the higher education system in Kazakhstan. An exploration focused on the development of the part-time teaching methodology is still ongoing and offers a rational methodology in the future.

Keywords: part-time study; online education; digital education; undergraduate; graduate; distance learning; students.